КЕЛІСІЛДІ
«Өскемен қаласының
білім беру бөлімі» ММ
басшысының
_______________Ж. Айтпаева
«__»___________2019 ж.

БЕКІТЕМІН
Өскемен қаласы әкімдігінің
«Оқу-өндірістік комбинаты» КММ
директоры
_______________Б. Искаков
«9»______09______2019 ж.

**Мұғалімдер күніне арналған**
**«Ұстазым, сені ұлықтаймын» акция-көрмесі туралы**
**ереже**

**1. Жалпы ережелер.**

**1.1.** Мұғалімдер күніне арналған «Ұстазым, сені ұлықтаймын» акция-көрмесі (бұдан әрі – Акция-көрме) Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ базасында білім алушыларға кәсіби бағдар беру орталығының қызметі аясында өткізіледі.

**1.2.** Акция-көрменің қатысушылары: қала мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері.

**1.3.** Ұйымдастырушылар кәсіби бағдар беру жұмысында акция-көрме материалдарын пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

**2. Мақсаты:**

- педагогтың әлеуметтік мәртебесін, оның еңбекке деген қызығушылығы мен құрметін арттыру, педагогтың балалар мен қоғам өміріндегі рөлінің маңыздылығына назар аудару.

**3. Міндеттері:**

- оқушылар арасында кәсіби бағдар беру жұмысы;
- балалар мен педагогикалық шығармашылықты ынталандыру;
- педагогикалық мамандықты танымалдандыру;
- қазіргі мұғалімнің оң келбетін қалыптастыру.

**4. Өткізу уақыты.**

Акция-көрме Мұғалімдер күніне орайластырылып, 2 кезеңде өтеді:

- Бірінші кезең – мектепішілік көрме - 2019 жылғы 23-27 қыркүйек аралығында өткізіледі;
- Екінші кезең – қаланың білім беру ұйымдарының үздік жұмыстарын бағалау, марапаттау - 2019 жылғы 30 қыркүйек - 4 қазан.

**5. Акция-көрменің мазмұны.**

Акция-көрменің тақырыбы: «Менің сүйікті ұстазым».

Байқау жұмысы тақырыпқа сәйкес болуы, кескін (фотосурет, сурет) және оған түсіндірме мәтін (эссе, шығарма) болуы тиіс.

Өскемен қаласының
білім беру бөлімі
"11" 09 2019 ж.
Тіркеу №

***Бірінші кезең:*** Акция-көрмеге қатысушылардың жұмыстары Ережемен қарастырылған мерзімде білім беру ұйымдарының аумағындағы стендтерде орналастырылады. Сондай-ақ, жұмысты мектеп сайтында немесе мектеп профилінің Instagram бетінде орналастыруға болады.

***Екінші кезең:*** бағалауға қатысу үшін білім беру ұйымының әкімшілігі ұсынылғандардың қатарынан ***бір үздік жұмысты*** таңдайды.

Үлгіге (1-қосымшаны қараңыз) сәйкес таңдалған жұмыс туралы деректерді 2019 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жіберу қажет.

**6. Жұмыстарға қойылатын талаптар**

Акция-көрмені өткізу шеңберінде ұсынылған жұмыстар мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- тақырыпқа сәйкестігі;
- байқауға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- түпнұсқалық;
- іс-шара үшін арнайы орындалуы.

Байқау кескіні келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

- фотосуреттер;

- кез келген графикалық бағдарламада орындалған сурет (мысалы, Adobe Photoshop, CorelDraw, Paint және басқалар.);

- қағазда (кенепте) орындалған сурет.

Кескінге түсіндірме жазбаның көлемі А4 форматындағы 1 беттен аспауы тиіс (шрифт өлшемі - 14) және эссе немесе шығарма үлгісі болуы тиіс (мысалы, «Менің сүйікті ұстазым», «Менің алғашқы ұстазым», «Мен неге мұғалім болдым (болғым келеді)» және т.б. тақырыптарда).

Айқын плагиатта анықталған жұмыстар бағаланбайды.

Жұмыстар жеке тәртіпте орындалады, «Мұғалім – оқушы» жұбына бірігу рұқсат етіледі.

**7. Қатысушыларды марапаттау.**

Акция-көрменің бірінші (мектепішілік) кезеңіне қатысушыларды көтермелеу білім беру мекемесі әкімшілігінің қарауына қарай жүзеге асырылады.

Екінші кезеңнің жүлдегерлері грамоталармен марапатталады.

Марапаттау күні жайлы қосымша хабарланады.

**8. Есеп беру.**

Өткізілген акция-көрме туралы фотоесепті (көлемі 10 Мб-тан аспайтын 3 фотосурет) 2019 жылдың 9 қазанына дейін safarovant@goroo.ukg.kz электрондық мекен-жайына жіберу қажет. Егер жұмыстар электрондық ресурста орналастырылған болса, материалдарға гиперсілтеме қоса беріледі.

**1-қосымша**

Акция-көрменің екінші кезеңіне қатысу үшін **білім беру ұйымынан 1 жұмыс** қабылданады.

**Өтінім үлгісі**

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы (толық) | Мысалы: Өскемен қаласы әкімдігінің «№98 орта мектебі» КММ |
| Жұмыс атауы | Мысалы: «Менің алғашқы ұстазым» |
| Автор (авторлар) туралы ақпарат:<br>• ТАӘ (толық)<br>• Класс (немесе лауазымы) | Мысалы:<br>• Иванов Иван Иванович<br>• 7 класс |
| Жұмыс орналастырылған Instagram-дағы ресурсқа немесе аккаунтқа гиперсілтеме (егер бар болса) | Мысалы:<br>• http://www.school98.kz/ru/news<br>• @school98ukg |

Өтінім 2019 жылдың 30 қыркүйегіне дейін safarovant@goroo.ukg.kz электрондық мекен-жайына жіберіліп, келесі мазмұнда болуы тиіс:

1. Өтінімнің толтырылған үлгісі;
2. Кескін (*.jpeg немесе *.png форматында);
3. Түсіндірме жазба (*.txt немесе *.docx форматында).